



ТҰРҒЫН ҰЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАЗАЛЫ




№21
(2400)
Сенбі
14 наурыз
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ МЕН НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен 15 наурызда өтетін Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына арналған республикалық референдумды және Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін ұйымдастыру мәселелеріне байланысты мәжіліс өтті.

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, дербес бөлім басшылары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері, құқық қорғау органдарының өкілдері мен жауапты мекеме басшылары қатысты.

Мәжілісте алдағы республикалық референдумды аудан көлемінде заң талаптарына сәйкес, ашық әрі жоғары деңгейде өткізу мәселелері жан-жақты қаралды. Күн тәртібіне сәйкес аудандық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Аманбай комиссиялардың дайындығы, учаскелердің жұмыс барысы және ұйымдастыру мәселелері туралы баяндама жасады.

Аудан әкімі өз сөзінде бұл саяси науқан ел тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі екенін атап өтіп, барлық жауапты тұлғаларға референдумды ұйымдастыру жұмыстарын сапалы әрі жауапкершілікпен атқаруды тапсырды. Сонымен қатар, учаскелік референдум комиссияларының жұмысына ерекше назар аударып, заңдылықтың сақталуы мен ұйымдастыру шараларының толық қамтамасыз етілуін қатаң бақылауда ұстау керектігін айтты.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеубетов референдум күні ұйымдастырылатын мәдени-көпшілік шаралар, тұрғындарды ақпараттандыру жұмыстары және қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстау бағытында атқарылатын жұмыстар туралы хабарлама жасады.

Аудан басшысы дауыс беру күні барлық референдум учаскелерінде тұрғындарға қолайлы жағдай жасалып, Наурыз мерекесі қарсаңында этноауылдар ұйымдастыру, мәдени

концерттік бағдарламалар өткізу, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкелері мен түрлі акциялар өткізу мәселелерін жоғары деңгейде ұйымдастыруды тапсырды. Сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті сақтау, медициналық қызметтің дайын болуы, коммуналдық қызметтердің үздіксіз көрсетілуі, шалғай елді мекен тұрғындарының дауыс беруіне жағдай жасау, қоғамдық көліктердің жұмысын ұйымдастыру мәселелері де қатаң бақылауда болуы керектігі айтылды.

Мәжілістің күн тәртібінде алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін атап өту мәселелері де қаралды. Аудан әкімі мерекелік шараларды жоғары деңгейде өткізу үшін дайындық жұмыстарын қазірден бастап күшейтуді тапсырды. Атап айтқанда, кент, қала және ауылдық округтерде этноауылдар ұйымдастырып, ұлттық дәстүрлерді дәріптейтін мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу, әсіресе аудан орталығында өтетін Наурыз мерекесін жоғары деңгейде атап өту қажеттігін айтты. Мерекені атап өтуге арнайы іс-шаралар жоспары әзірленгенін, жоспарға сәйкес жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру керектігін ескертті.

Сонымен қатар, аудан басшысы Наурызнама онкүндігі аясында өтетін іс-шараларды мазмұнды әрі жоғары деңгейде ұйымдастыруды, әр күннің мазмұнына сай мәдени-рухани, ұлттық дәстүрді дәріптейтін шараларды кеңінен өткізіп, аудан тұрғындарының белсенді қатысуын қамтамасыз етуді жауапты сала басшылары мен кент, қала және ауылдық округ әкімдеріне жүктеді.

Мәжіліс қортындысында аудан әкімі барлық жауапты тұлғаларға жүктелген міндеттерді сапалы орындауды тапсырып, республикалық референдум мен Наурыз мерекесін жоғары деңгейде өткізу – баршамызға ортақ жауапкершілік екенін атап өтті.

ТҰРҒЫН ҰЙ ҚҰРЫЛЫСЫ САЛАСЫН ДАМУТҒА ҚАТЫСТЫ МӘЖІЛІС ӨТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тұрғын үй құрылысы саласын дамыту мен цифрландыру мәселесіне байланысты өткен мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов бейнебайланыс режимі арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан басшысы арнайы жиын өткізіп, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

2024 жылы ауданда әлеуметтік осал топтарға арналған 148 пәтер табысталды. 2025 жылы 80 пәтерлік 40 тұрғын үй пайдалануға беріліп, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға берілді. Биылғы жылы да тұрғын үй құрылысы қарқынын төмендетпей, аудан тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бағытында тиісті жұмыстарды жүргізуіміз қажет. Алдағы уақытта салынатын тұрғын үйлердің сапасына, жаңа тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін белгілеуде, оларды қажетті инженерлік инфрақұрылыммен – жол, электр, газ, ауыз сумен қамтамасыз етуде ешқандай мәселе болмауы қажет, - деді аудан басшысы.

Мәжілісте жауапты сала басшыларына жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін беру-де заң талаптарын сақтау, ашықтық пен әділдік қағидаттарын қамтамасыз ету, табысталған жерлердің мақсатты пайдаланылуына тұрақты мониторинг жүргізу, мемлекет тарапынан берілген тұрғын үйлердің заң талаптарына сәйкес пайдаланылуын бақылау, оларды заңсыз жалға беру тұлғаларға беру фактілерінің алдын алу бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

АУДАН ӘКІМІ «ӨРКЕНДЕУ», «БІРЛІК» АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов «Өркендеу», «Бірлік» ауылдарының тұрғындарымен кездесу өткізіп, халықпен ашық пікір алмасты. Алдымен кездесу «Өркендеу» ауылдық округінде өтті.

Кездесуде аудан әкімі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен ауданымызда атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы кеңінен айтты. Сондай-ақ, жуырда халықтың тікелей сайлауымен сайланған «Өркендеу» ауылдық округінің әкімі Қожахмет Қуанғалиевке жаңа қызметінде сәттілік тілеп, ел сенімін ақтайтынына сенім білдірді.

Сонымен қатар, аудан әкімі санаулы күндерден кейін елімізде өтетін республикалық референдумға тоқталып,

оның маңызына назар аударды. Жаңа Ата заң жобасында маңызды өзгерістер қарастырылғанын атап өтіп, тұрғындарды ел болашағы үшін қолға алынған бастамаға бірлікпен атсалысуға шақырды.

Кездесуде аудан әкімі «Өркендеу», «Бірлік» ауылдары үшін маңызы зор жобалардың бірі – «Қарлаң» көпірінің құрылысы туралы айтып өтті. Қазіргі таңда көпір құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл жоба аймақ басшысының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан маңызды инфрақұрылымдық жұмыстардың бірі екені атап өтілді.

Тұрғындармен өткен кездесулерден кейін аудан басшысы округтердегі референдум учаскелерінің дайындығын көрді.

ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕР БЕКАРЫСТАН БИ, «МАЙДАКӨЛ», Ү.ТҮКТІБАЕВ АУЫЛДАРЫНДА ЖАЛҒАСТЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың тұрғындармен кездесулері Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев ауылдарында жалғасты.

Ауыл тұрғындарымен жүздесуде аудан басшысы өңірде атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы кезеңге жоспарланған жобалар жөнінде кеңінен әңгімеледі. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан бастамалар халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Кездесулерде елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуға қатысты маңызды жобалардың бірі – ауылдарды табиғи газбен қамту мәселесі сөз болды. Биыл Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев ауылдарына көгілдір отын жеткізу бағытында жұмыстар жүргізіліп жатқаны айтылып, бұл бастама ауыл тұрғындарының тұрмысын жеңілдетіп, әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал ететіні жеткізілді.

Аудан әкімі ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын кеңінен түсіндіріп өтті. Жоба ауыл азаматтарына кәсіп бастауға мүмкіндік беретін тиімді тетіктердің бірі екенін айтып, мемлекет тарапынан жеңілдетілген несиесі, түрлі қолдау шаралары қарастырылғанын түсіндірді. Бұл бағыттағы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы

ауылдағы шағын кәсіпкерлікті дамытуға жол ашылатынын атап өтті.

Кездесуде қоршаған ортаны қорғау мәселесі де назардан тыс қалмады. Аудан әкімі Президентіміздің бастамасымен елімізде қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы биыл да жалғасын табатынын айтып, елді мекендердің тазалығына мән беріп, туған жердің көркеюіне тұрғындарды белсенді атсалысуға шақырды.

Жиында ел өміріндегі маңызды саяси науқан – 15 наурызда өтетін Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына арналған республикалық референдум жайы да сөз болды. Аудан әкімі ұсынылып отырған Ата заң жобасында мемлекет дамуының негізгі бағыттары айқындалғанын айтып, оның ел болашағы үшін маңыздылығына тоқталды. Осы ретте тұрғындарды елдік мәні зор науқанға белсенді қатысып, азаматтық ұстаным танытуға үндеді.

Кездесуде ауыл тұрғындары аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде оң пікірлерін білдірді.

Кездесулер аяқталғаннан кейін аудан әкімі аталған үш ауылда орналасқан №84, 69, 68-ші референдум учаскелерін аралап, дайындық жұмыстарымен танысты. Учаскелердің ұйымдастыру деңгейіне, қажетті құрал-жабдықтардың әзірлігіне назар аударып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар берді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінде Мемлекет басшысының «Заң және тәртіп» идеологиясын іске асыру, кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ата-аналар және студенттермен кездесу өтті.

Аудан әкімдігі мен аудандық прокуратураның ұйымдастыруымен өткен жиында жастар арасында топтық төбелес пен құқық бұзушылықтың алдын алу, білім алушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кездесуге аудан әкімінің орынбасары



Дәурен Тлеумбетов, аудан прокурорының орынбасары Биқожа Жұмаш, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Ғанибек Құрманалиев

қатысып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері төңірегінде өз пікірлерін білдірді.

Шарада аудан аумағында жыл көлемінде кәмілетке

толмағандардың қатысуымен орын алған құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер айтылып, құқық қорғау органдарының өкілдері заң талаптарын сақтамаудың құқықтық

салдары жөнінде түсіндірді. Сондай-ақ, профилактикалық жұмыстардың маңыздылығына ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, кездесу аясында жасөспірімдерді ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, қоғамдағы тәртіп пен заң талаптарын сақтауға шақырып, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызы кеңінен түсіндірілді.

Осындай кездесулер жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың жауапкершілігін күшейтіп, саналы әрі заңға құрметпен қарайтын азамат болып қалыптасуына оң ықпал ететіні сөзсіз.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ТҮРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға 24 тұрғын келіп, өздерінің ұсыныс-пікірлері мен өтініш-тілектерін жеке-жеке жеткізді.

Тұрғындардың басым бөлігі тұрғын үй кезегі, тұрақты жұмысқа орналасуға қатысты мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, кәсіпкерлік мақсатта жер алу, жер кезегі, әлеуметтік көмек көрсету, кент көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу, тұрғын үйлерге газ кіргізу мәселелері айтылды.

Аудан басшысы жұмыссыздық жөнінде мамандықтарға сәйкес сұраныс болған жағдайда бос жұмыс орындарына кезектілікпен жіберілетіндігін түсіндірді. Сондай-ақ, кейбір азаматтарға қоғамдық жұмыс



арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік барын айтты.

Ал, тұрғын үй кезегі бойынша бүгінгі таңда ауданда

халықтың әлеуметтік осал топтарын баспанамен қамту бойынша жұмыстардың қарқынды жүргізіліп жатқандығын айтып,

кезектілікке сәйкес баспанаға қол жеткізетіндерін айтты.

Аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі Қ.Сәтбаев көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу және көшеге жасанды кедергі орнату мәселесі бойынша жүгінген тұрғынға аталған көшеге тиісті мамандармен бірге барып көретіндігін жеткізді. Басқа мәселелер бойынша тиісті заңдылықтарға сәйкес жұмыстар жасалатынын айтып, соған сәйкес жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктенді.

Еске салайық, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына е-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

**Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!**



«Сыбайлас жемқорлыққа көзделген және белгіленген, қарсы іс қимыл туралы» тәртіптік әкімшілік және Қазақстан Республикасының қылмыстық жауапкершілікке заңында, сондай-ақ, заңдарда әкеп соқтыратын сы-

байлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал, ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде.

Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

**Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі**

● Маманның кеңесі

АСА ҚАУІПТІ ҚҰТЫРМА АУРУЫ

Құтырма – адамдар мен жануарларға тән, жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру адамдарға құтырған жануарлар тісін батырғанда, адамның терісінің зақымданған жеріне сілекейін жаққанда жұғуы мүмкін. Бұл ауру адамдарға үй жануарларынан, иттерден, мысықтардан, сонымен қатар ет қоректі аңдардан жұғады.

Құтырма ауруының жасырын кезеңі (ауру қоздырғышы организмге енгеннен бастап, ауру белгілері пайда болғанға дейінгі аралық) 10 күннен 1 жылға дейін, көбінесе 1-3 айға созылады. Аурудың жасы-

рын кезеңі аяқталғаннан кейін науқас елеріп, тыныс алысы бұзылады, жұтынуы қиындап, аяқ қолының жаны кетеді.

Егер сіз иттен, мысықтан немесе басқа жануарлардан жарақат алсаңыз дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Меншік нысанына қарамастан кез келген медицина мекемесінде жарақатқа алғашқы өңдеу жүргізілуі тиіс (жарақатты жуу, өңдеу, асептикалық таңғыш қою) және құтыру ауруына қарсы антирабикалық вакцина салынуы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, жарақат салған ит, мысық немесе басқа да жануар туралы білетініңіздің

бәрін: иесінің аты-жөні, өзіңіздің оған қай жерде тап болғаныңызды, оны бұрын көргеніңізді, көрсеніз қашан және қайдан көргеніңіз туралы айтуыңыз өте маңызды.

Құтыру ауруына қарсы екпені жүргізу ұзақтығы жарақат салған жануардың белгілі немесе белгісіз болуына байланысты болады.

Жарақат алған адамның құтыру ауруына қарсы екпе жүргізу үшін жарақат салған жануардың белгілі болуы маңызды екендігін білгеніңіз жөн.

Тұрғындардың елді мекендердің маңайына тастаған мал өлекселерін жабайы аңдар мен елді мекен

ішіндегі ит, мысықтар бірлесе жеп, жабайы аңдардың сілекейлерін үйлеріндегі ит пен мысықтар арқылы елді мекенге енгізуде. Ал, елді мекендегі ит пен мысықтар тұрғындармен, оның ішінде балалар тығыз байланыста болып, құтырма вирусын жұқтыру қаупін арттырып отыр. Өйткені жабайы аңдардың сілекейінде 100 пайыз құтырма вирусы болады. Сондықтан мал өлекселерінің әр жерге тасталуына жол бермей, арнаулы мал қорымдарына тасталуы тиіс.

Кез келген жануар, әсіресе ит пен мысық оқыс мінез көрсетіп, алас ұрса, дереу ветеринарлық дәрігерге

көрсету қажет. Себебі, бұл адам өміріне өте қауіпті.

Құтырма ауруының алдын алудың ең негізгі жолы – бұл құтырмаға қарсы дер кезінде антирабикалық вакцина ектіру болып табылады. Сондықтан әрбір тұрғын иттен, мысықтан және басқа жануарлардан жарақат алғаннан кейін міндетті түрде дәрігердің нұсқауы бойынша еуге қарсылық білдірмей, құтырмаға қарсы антирабикалық вакцина алуы тиіс.

**Г. ҚАРАШАЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы**

ӘУЕ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАРШАНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Әсіресе, әуе көлігі саласындағы қауіпсіздік мәселесі ерекше назарды талап етеді. Өйткені әуе кемесінің қалыпты ұшуына кедергі келтіру адам өмірі мен денсаулығына елеулі қауіп төндіруі мүмкін.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында әуе кемелерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттер үшін жауаптылық белгіленген.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық

кодексінің 352-1-бабы әуе кемесін басқаруға бөгелуі жасау, яғни әуе кемесінің қауіпсіз жұмысына кедергі келтіруге байланысты қылмыстық жауаптылықты көздейді.

Аталған бапқа сәйкес, әуе кемесіне лазер сәулесін бағыттау, ұшқышсыз ұшу аппараттарын (дрондарды) пайдалану арқылы ұшақтың қалыпты ұшуына кедергі келтіру немесе әуе кемесінің қауіпсіз басқарылуына қауіп төндіретін өзге де әрекеттер жасау заңмен қудаланады. Мұндай әрекеттер ұшқыштың көру мүмкіндігін

уақытша шектеп, апат қауіпін арттыруы мүмкін.

Заңнамада көрсетілгендей, осындай құқық бұзушылықтарды жасаған тұлғаларға айыппұл салу, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе өзге де жаза түрлері қолданылуы мүмкін. Егер бұл әрекеттер ауыр зардаптарға әкелсе, кінәлі тұлғаларға бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылған.

Айта кету қажет, соңғы жылдары түрлі ойын-сауық немесе бейнетүсірілім мақсатында дрондарды пайдалану көбейіп келеді. Алайда мұндай құрылғыларды

әуежайлар мен әуе жолдарына жақын аумақта пайдалану әуе қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан азаматтардан заң талаптарын сақтап, әуе кеңістігінің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау талап етіледі.

Әуе қауіпсіздігін сақтау – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Заң талаптарын сақтау арқылы ғана біз қоғамдағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ете аламыз.

Қазалы аудандық прокуратурасы

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ!

Өрт қауіпсіздігі қағидасының талаптарына сәйкес объектіде өрт қауіпсіздігін меншік нысандарына қарамастан объектілердің иелері, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың басшылары, сондай-ақ, дара кәсіпкерлер қамтамасыз етеді. Осыған байланысты жеке меншік объектілерде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін алғашқы іс-шараларды орындау қажет екендігін ескертеміз. Атап айтар болсақ:

-Зақымдалған және бекітілмеген розеткаларды пайдалануға жол бермеу;

-Розеткаларды ағаш немесе басқа да жанғыш материалдар мен бұйымдарға орнатуға жол бермеу;

-Орнатылған өрт дабыл қондырғыларын жұмысқа жарамды күйде күтіп ұстау;

-Қызметкерлерді өртке қарсы нұсқамадан және өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқудан өткізу;

-Алғашқы өрт сөндіру құралдарын үнемі жарамды күйде ұстау;

-Ғимарат шатырында орнатылған өрт сатылары мен қоршауларын уақытылы пайдалану сынауынан өткізу;

-Ғимарат ішінде орналасқан ішкі өрт сөндіру крандары мен аулада орналасқан өрт сөндіру гидранттарын жұмысқа жарамды қалпында ұстау;

-Әзірленген және бекітілген жобалау-сметалық құжатынсыз ғимараттардың, құрылыстар мен құрылымдардың функционалдық мақсатын өзгертуге, күрделі жөндеу жүргізуге, техникалық қайта жарақтандыруға,

реконструкциялауға және қайта жоспарлауға жол бермеу;

-Белгіленбеген орындарда темекі шегуге, ашық отты пайдалануға, қоқыстарды өртеуге, фейерверктерді және басқа да от түріндегі бұйымдарды қолдануға жол бермеу;

-Эвакуациялау жолдарында адамдардың еркін шығуына кедергі келтіретін бөгеттер, материалдар орнатуға жол бермеу;

-Қосалқы эвакуациялық шығу есіктерін шегелеп тастауға, дәнекерлеп жауып тастауға жол бермеу және ішіндегі адамдардың төтенше жағдай кезінде есіктерді еркін ашу мүмкіндігін қарастыру;

-Ғимарат ішінде талапқа сай өрт кезінде эвакуациялау жоспарының болуы;

-Ғимарат шатырында және

жертөлесінде жанғыш материалдарды, жиһаздарды және басқа да бұйымдарды сақтауға жол бермеу;

-Ауланы жанғыш қалдықтардан, қоқыстардан уақытылы тазарту;

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып тұрғындардың өмірі мен материалдық құндылықтарды өрттен сақтау үшін бөлім өрт қауіпсіздігі қағидаларын қатаң сақтауды, өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелері талаптарының бұзылуын болдырмауға бағытталған кешенді шараларды қабылдап, Сіздің меншігіңіздегі объектілерді өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес ұстауды ұсынады.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

● Маманның кеңесі

ҚЫШЫМА АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Қышыма (қотыр) — микроскопиялық кенелерден туындайтын, әсіресе түнде күшейетін, терінің қатты қышуымен және бөртпелермен сипатталатын өте жұқпалы паразиттік ауру.

Қышыма ауруына жеңіл қарауға болмайды. Оның алғашқы белгілері білінгенде сіз дерматологпен кеңесуіңіз керек. Бұл ауру ең көп таралған және жұқпалы паразиттік ауру. Оны қышыма кенесі тудырады. Сондықтан, егер адам кешкі немесе түнгі қышуды сезінсе және терінің сыртқы түрі өзгерсе – бұл алғашқы дабыл деп

түсініңіз.

Қышыма адамға үй жануарларынан жұғуы да мүмкін. Адамға көбінесе жылқыдан жұғады. Кененің әрекетінен денеді қотыр пайда болады. Сондай-ақ, тазалық-індет тәртібін сақтамаған жағдайда қышыманы моншадан, душтан, жатақханадан, пойыздан, қонақ үйлерден, яғни, кез келген жерден жұқтырып алуыңыз мүмкін. Аурудың жасырын кезеңі 7 күннен 10 күнге дейін, кейде 1,5 айға дейін созылуы мүмкін.

Қышыманың негізгі белгілері мен ерекшеліктері:

• Түнде күшейетін қатты қышыну: Бұл ең басты белгісі. Жылы төсекте кенелер белсенді бола түседі.

• Терідегі бөртпелер: Кенелер кірген жерде безеуге, маса шаққанға ұқсас қызыл бөртпелер пайда болады.

• Қышыма жолдары: Тері үстінде кенелердің жұмыртқалайтын, жіңішке, сұр немесе тері түстес сызықшалары көрінеді.

• Зақымдану орындары: Көбінесе саусақтардың арасы, білек, шынтақ, қолтық асты, кіндік айналасы, құрсак, бөксетұсы және сүт бездері

(әйелдерде) зақымданады.

• Тырнау іздері: Қатты қышудан адам терісін тырнап, жараға айналдырады.

Дәрігерге дер кезінде қаралу – ауруды айналасындағы адамдарға жұқтырмауға, қышыманың таралмауын және одан тез сауығуын қамтамасыз етеді. Ауру дәрігер тағайындаған арнайы жақпа майлармен (мазь) емделеді.

Мархаба ЖАҚЫП, Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.